

Әлеуметтану ҒЫЛЫМ ретінде {

SLAID-KZ.RU

? «Әлеуметтану» ұғымы латын тілінің «Society» қоғам және гректің logos – ілім, ұғым деген сөзінен шығады. Социология, яғни әлеуметтану қоғамның пайда болуының, ондағы әлеуметтік байланыс, қатынастардың, алуан түрлі әлеуметтік адам бірліктерінің, ұйым, мекемелерінің, институттардың, құбылыстардың, процестердің дамуының жалпы заңдылықтарын зерттейтін ғылым. Әлеуметтану ұғымын ХІХ ғасырдың ортасында атақты француз әлеуметтанушысы Огюст Конт енгізді.

№	Әлеуметтану ұғымдар	Анықтамасы
1	Әлеуметтік ұйым	Қоғамдық жүйені қалыптастыратын белгілі бір жүйедегі тұрақты үлгі
2	Әлеуметтік мәдениет	Қоғамда өмір сүретін тұлғалардың нормалық үлгісі
3	Әлеуметтік жүйе	Уақыт пен кеңістіктің арасындағы әлеуметтік қатынастардың нобайы
4	Қоғам	Шектеулі бір территорияда орналасқан жеке мәдениеті мен институтын иемденетін адамдардың бірлестігі
5	Әлеуметтік топ	Мүшелердің арасындағы формальды және формальды емес байланыстарымен біріккен адамдардың жиынтығы
6	Шағын топ	Мақсаты, мүддесі, құндылықтары, өзін-өзі ұстау тәртібі бір, өзара тұрақты байланыс жасайтын аз адамдардың жиынтығы



"Әлеуметтану" сөзін тұңғыш рет Огюст Конт өзінің "Позитивтік философия курсында" позитивтік философияның бір бөлігін құрайтын ауқымды әлеуметтік ғылымның атауы ретінде пайдаланды. Конт бірінші болып осы ғылым элементтерін көлденең материалдар, идеялар мен әдістер атаудан тазарту қажеттігін айқын көре біліп, бірінші болып барлық шынында да қажетті элементтерді бір ұғымға біріктірді. Платон мен Аристотель саясатты этикадан немесе саясат ғылымын саясат өнерінен ешқашан ажыратқан емес. XVIII ғасырда саясат ғылымы революциялық рухпен біржола біріктіріліп жіберілді. Гоббс та, Монтескье де, экономистер де қоғамды оның барлық түрлерінде зерттеген жоқ, және, Конт: барышпа қарыздар Юмның ықпалына қарамастан, оның себептілік ұғымындағы ақиқат атаулы әлеуметтік түсіндірмелері әлі едәуір дәрежеде теологиялық және метафизикалық болып қала берді.

? Конттан кейін әлеуметтану негізінен ғылыми ой барысын күрт өзгерткен ілімнің бүкіл қуатын әбден сезіне білген кісілер еңбегінің арқасында дамыды. Эволюциялық философия сөзсіз кеңейіп, адам өмірінің әлеуметтік құбылыстарын да қамтуға тиіс болатын. Әлеуметтік қатынастарды эволюция ықпалымен түсіндіруге ишараны біз тек Герберт Спенсердің алғашқы шығармаларынан ғана емес, Дарвин мен Геккель туындыларынан да табамыз. Бұл ишаралардың өздері әлі әлеуметтануды құрамайтын, өйткені ол үшін тікелей әлеуметтік құбылыстардан индукциялық жолмен алынған өзге факторлар қажет еді. Бірақ мұндай ишаралар жаңа ғылымның тұғырлары қайда жатқанын жеткілікті көрсететін; сонымен бірге олар әлеуметтанудың негізгі ұғымдарының кейбіреулерін жеткілікті айқындап, әлеуметтанушы тек тарихшы, экономист, статист қана емес, биолог және психолог болуға тиіс екендігін дәлелдеп берді. Осылайша, эволюциялық негізде және эволюцияшыл ойшылдар еңбектерінің арқасында осы заманғы әлеуметтану қалыптасты. Ол адамдар қоғамын жаратылыстық себептілік арқылы тәпсірлеу болып табылады. Ол адамзатты ғарыштық процестерден тыс тұрған және өзі үшін өзінің ерекше заңына ие тіршілік иесі деп қараудан бас тартады. Әлеуметтану қоғамның пайда болуын, өсуін, құрылысы мен қызметін эволюция процесінде қосыла қарекет жасайтын тәндік, өмірлік және психикалық себептердің қарекеті деп түсіндіру болып табылады.

Ғұламалар

“Қоғам-индивидтердің жағатын бірлігінен тұратын, ерекше қасиетке ие жүйе. Әрине, ұжымдық өмір дараланған сананың қалыптасуын көрсететді, бірақ бұл қазіргі жағдайда жеткіліксіз. Бұл сана ерекше түрде дамуға, үйлесімділікке қол жеткізуі тиіс. Осы үйлесімділіктен келіп әлеуметтік өмір туындайды ”

Э. Дюркгейм Қоғамдық еңбектің бөлінуі. М., 1991.

“Индивидтен ойлаудың қайнар көзін іздейміз. Осыдан келіп қателік туындайды. Біріншіден, адам ойының негізі өмір сүріп отырған әлеуметтік ортадан, әлеуметтік топтан туындайды. Адам өзін қоршаған әлеуметтік ортаның әсерімен ойланады”

Л. Гумплович Основания социологии. М., 1991.

«Адамдағы жеке тұлға дегеніміз күрестің нәтижесі... Адамда, күмәнсіз екі «мен»

бар, ақиқатты, шындыққа сай қалыптасқан «мен» және төменге тартатын, құмарлықтан

туындайтын «мен»...Адамзат рухы адамнан жоғарыға ұмтылуы тиіс... Сонда ғана адам өзін жоғалтпайды, өзін -өзі құрметтей алады.

АДАМ ТІРІ ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚ».

Н. Бердяев Мир философий. М., 1991. 2 б

“Адамдар табиғи ортасын жасанды, табиғи емес– мәдениет саласымен ауыстырды. Біз өткенге көз жүгірткен сайын даналықты жиі байқаймыз. ...”

Б.Ф.Поршнев. Социология. Хрестоматия. М.. 1991. 80 б

“Алғашында адам табиғатқа тәуелді болды. Ал, кейін техника-машиналық ортаға деген тәуелділік пайда болды. Осы кезде адамзат үлкен ауып проблемамен кездесті. Себебі, адамның психо-физикалық организмі табиғи ортаға бейімделгендіктен, оған техника-40машиналық орта үлкен қауіп төндіруде. Машина-техникалық өркениет бәрінен бұрын адам жаны үшін өте қауіпті. Техникалық өркениет адамның белсенді болуын талап еткенімен, адамның тұлға болуын қаламайды....”

Н. Бердяев. Человек и мшина. М., 1991. 27 б